"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ "И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019.Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі,10, 120019, город Кызылорда,улица Е.Ауельбекова,10,
Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА" ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

Тел.факс: 8 (7242) 27-63-83
E-mail : 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ

« 29» тамыз ____2025 ж.

ПРИКАЗ

№ 199/1

Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы

**«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. **Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төмендегі құрамда құрылсын:**
   1) Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрайымы-Мұхашова.Р
   2) Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Аблаев.Б
   3) Кәсіби бағдар беруші- Тастаева.Т
   4) Педагог-психолог –Айтбай.Н
   5) Әлеуметтік педагог – Нұртанова.А
   6) Арнайы педагог – Ерназаров.А
   7) Педагог ассистент-Әніс.А

2. 2025-2026 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы осы құрамда бекітілсін.

3. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Аблаев.Б тағайындалсын.

4. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына:
   1) ППҚ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
   2) Жалпы білім беру үдерісіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
   3) Осы бұйрықтың орындалуына бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Аблаев.Б жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры **Р.Мұхашова**

«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дүйсенбаев

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдан отыру қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы
Психологиялық қызмет отырысының жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Жоспарлы психологиялық қызмет отырыстары	Мерзімі	Жауаптылар
1	*Психологиялық қызметтің I-отырысы:* 1.Психологиялық қызмет тобы құрамын бекіту, топ мүшелерінің қызметтік міндеттерін түсіндіру	Қыркүйек, 2025 жыл	Психологиялық қызмет мүшелері
2	*Психологиялық қызметтің II-отырысы:* Психологиялық диагностика нәтижесін талдау, психологиялық қолдау мен бақылау тобына есепке алу, кейс ашу, бірлескен жоспар негізінде жұмыс жасау	Қазан-қараша, 2025 жыл	Психологиялық қызмет мүшелері
	Әлеуметтік осал топтағы оқушыларды талқылау		
	Ағымдағы қосымша мәселелер бойынша талқылау		
3	*Психологиялық қызметтің III-отырысы:* Скрининг нәтижесінде анықталған оқушылар мәселесін талдау, қорытынды шығару	Қаңтар-ақпан, 2026ж	Психологиялық қызмет мүшелері
	Психологиялық қолдау, бақылау тобына есепке алу, кейс ашу, бірлескен жоспар негізінде жұмыс жасау		
	Ағымдағы қосымша мәселелер бойынша талқылау		
4	*Психологиялық қызметтің IV-отырысы:* Психологиялық қолдау, бақылау топтарындағы оқушылардың жазғы демалыстағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналарды ақпараттандыру	Сәуір-мамыр, 2026 ж	Психологиялық қызмет мүшелері
	Анықталған күрделі мәселелер бойынша қалалық білім бөліміне, ішкі істер бөліміне, денсаулық сақтау ұйымына оқушы қауіпсіздігін сақтай отырып, салааралық байланыс орнатып, бірлесе жұмыс жасауды ұсыну		
	Ағымдағы қосымша мәселелер бойынша талқылау		

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Алиев**

Педагог-психологтар **Топжарғанова А**

Н.Айтбай

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі бойынша психологиялық қызмет отырысының хаттамасы №1

Күні: 17.09.2025ж
Қатысқандар:
Мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Аблаев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Менлибева
Педагог-Психолог: А.Топжарғанова
Педагог-Психолог: Н.Айтбай
Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова

Күн тәртібінде:

2025-2026 оқу жылындағы психологиялық қызмет тобы құрамын бекіту, топ мүшелерінің қызметтік міндеттерін түсіндіру.
Ағымдағы мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Б.Дүйсенбаев сөз алды:

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын негізге ала отырып, психологиялық топ құрамын бекітуге және топ мүшелерінің қызметтік міндеттемелерін таныстырды.Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлар жасау мақсатында психологиялық қызметі - білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауатталығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

Психологиялық қызметтің жұмысы:

1) бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету;
2) негізгі орта білім беру деңгейінде - оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;
3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады. Психологиялық қызметтің жұмысын орта білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етіп, психологиялық қызметтің құрылымы, мамандар құрамы, жылдық жоспары орта білім беру ұйымдарының типімен, түрімен және міндеттерімен айқындалатынын атап өтті.Сондай-ақ, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері оқушылардың психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне

а алатынын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды дермен өзара іс-қимыл жасайтындығын ескертті.
сихологиялық қызметтің құрамына білім беру ұйымы басшысы орынбасарлары, педагог–психологтар, әлеуметтік педагог кіреді.

Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі:

-бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ оқушылардың, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушыларды оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау;

-білім алушыларға жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

-білім алушылармен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

-білім алушылардың табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы таңдауына жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Психологиялық қызметтің жұмысы

1) кәсіптік әдепті сақтауды;
2) баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсетуді
3) білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру;
4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялауды;
5) баланың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын;
6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбауды;
7) білім алушыладың білім беру процесінде сүйемелдеудің ғылыми, кешенділігін, бірізділігін, кезеңділігін және үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асырады.

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандарға жүгіну кезінде:

1) білім алушы немесе тәрбиеленуші өз қалауы бойынша сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өзінің жеке жағдайына, мінез-құлқына, оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесінде өзіне қатысты туындайтын қиындықтарға, сондай-ақ оның әлеуметтік немесе психологиялық салауаттылығы мен денсаулығына зиян келтіретін, оның құқықтары мен мүдделерінің бұзылу жағдайына қатысты мәселе бойынша жазбаша не ауызша жүгінеді;
2) білім алушының немесе тәрбиеленушінің өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;
3) педагог-психолог ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдерімен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, консультация беру және түзету бойынша білім алушы мен тәрбиеленушінің психологиялық саулығын қалпына келтіру үшін қажетті психологиялық көмек көрсету және жүргізу кестесін, форматын жазбаша келіседі;
4) жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша педагог-психолог орын алған жағдайдың себебін анықтайды, психологиялық-педагогикалық қорытынды шығарады және ұсынымдар әзірлейді, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен

сіп, орта білім беру ұйымдарының бірінші басшысы бекітетін жеке жұмыс жоспарын ындайды.
) жеке жоспардың ұсынымдары мен бағдарламаларын орындау белгіленген кестеге әйкес жүзеге асырады;

Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандарға жүгіну кезде:

1) ата-ана немесе өзге де заңды өкіл білім алушының немесе тәрбиеленушінің психологиялық жай-күйі, оны оқыту, дамыту және тәрбиелеу процесіндегі мінез-құлқы мәселелері, бала-ата-ана қатынастарының проблемалары бойынша жазбаша немесе ауызша нысанда сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өтініш жасайды;
2) ата-ана немесе баланың өзге де заңды өкілдерінің өтінішін психологиялық қызметтің мамандары тіркейді және қарайды;
3) психологиялық қызметтің мамандары сынып жетекшісімен бірлесіп жағдайды зерделейді, орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді және психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;
4) алғашқы кездесуде педагог-психолог әңгімелесу жүргізеді, ата-ананы немесе өзге де заңды өкілді тыңдай отырып, білім алушының немесе тәрбиеленушінің жағдайы немесе мінез-құлқының пайда болу немесе өзгеру себептері туралы ұсынымды қалыптастырады, талап етілетін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық диагностиканың, консультация берудің, түзетудің, қолдаудың немесе сүйемелдеудің нысандары мен әдістерін айқындайды;
5) психологиялық қызметтің мамандары әлеуметтік немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспарын жасайды, оны орта білім беру ұйымының бірінші басшысы бекітеді
6) әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспары 2 данада жасалады, оны ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі жазбаша түрде куәландырады, олардың біреуі ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне беріледі, екіншісі орта білім беру ұйымында қалады;
7) психологиялық жағдайында немесе мінез-құлқында, құқықтық, әлеуметтік немесе отбасылық-тұрмыстық проблемалар тәуекелі анықталған кезде білім алушы немесе тәрбиеленуші тиісті бейіндегі мамандарға (денсаулық сақтау, ішкі істер, халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия) консультацияға жіберіледі.

Педагогтердің психологиялық қызметтерге жүгіну кезіндегі іс-қимыл тәртібі:

1) орта білім беру ұйымдарының педагогтері білім алушылар мен тәрбиеленушілердің эмоционалды-еріктік, мінез-құлық тәуекелдері мен оқуы мен дамуында қиындықтар, сондай-ақ кәсіби тұрғыда шаршау кезінде өзіндік проблемалар анықталған кезде психологиялық қызмет маманына жазбаша немесе ауызша жүгінеді
2) педагогтің өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;
3) психологиялық қызметтің мамандары жағдайды зерделейді, орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді және ол психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;
4) психологиялық қызметтің маманы әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің нысандары мен әдістерін айқындайды.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандар білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, алынған деректердің құпиялылығын сақтауға, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және орта білім беру

...арының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар
...дыстық әрекеттерді кәмелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу
...тілері, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы және (немесе) орта білім беру
...ымдарынан тыс кәсіптік қызметпен байланысты өздеріне белгілі болған әрекеттер
(әрекетсіздіктер) туралы уақтылы жазбаша немесе ауызша хабарлауға міндетті.
Мектептегі психологиялық қызметтің құрамына төмендегі мамандарды бекітуді ұсынамын:

Психологиялық қолдау қызметінің төрағасы мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев
Психологиялық қызметтің құрамына:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Аблаев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева
Педагог-психолог: Н.Айтбай
Педагог-психолог: А.Топжарғанова
Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова
Арнайы педагог: А.Ерназаров
Педагог-ассистент: А.Әніс

Қаулы етеді:

1. Психологиялық қолдау қызметі төмендегі көрсетілген тізім бойынша бекітілсін.
2. **Психологиялық қолдау қызметінің төрағасы** мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев
3. **Психологиялық қызметтің құрамына:**
4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Аблаев
5. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев
6. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева
7. Педагог-психолог: Н.Айтбай
8. Педагог-психолог: А.Топжарғанова
9. Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова
10. Арнайы педагог: А.Ерназаров
11. Педагог-ассистент: А.Әніс

2. Психологиялық қолдау қызметінің жоспарын жасау және ұйымдастыру тәрбие орынбасарлары А.Алиев пен А.Меңлібаеваға, педагог-психолог А.Топжарғанова мен Н.Айтбайға , әлеуметтік педагог А.Нұртановаға жүктелсін.
3.Психологиялық қызметтің жұмысын жүйелі, бірлесе атқарылуын қадағалау тәрбие орынбасары А.Алиев пен А.Менлибаеваға жүктелсін.

№ 5 мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев

Хатшы: Н.Айтбай

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі бойынша психологиялық қызмет отырысының хаттамасы №2

Күні: 17.11.2025ж
Қатысқандар:
Мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Аблаев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар: А.Алиев
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар: А.Менлибаева
Педагог-психолог: Н.Айтбай
Педагог-психолог: А.Топжарғанова
Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова
Дефектолог: А.Ерназаров

Күн тәртібінде:

1.Әлеуметтік аз қамтылған, осал топтан шыққан, бақылауды қажет ететін оқушыларды анықтау;
2.2025-2026 оқу жылындағы психологиялық диагностика нәтижесін талдау, психологиялық қолдау мен бақылау тобына есепке алу, кейс ашу, бірлескен жоспар негізінде жұмыс жасау;
3. Ағымдағы қосымша мәселелер бойынша талқылау;

Күн тәртібіндегі I - мәселе бойынша мектеп-лицей тәрбие орынбасары А.Алиев:
Мектептегі осал топтан шыққан, бақылау тобындағы оқушылар мәселесіне тоқталып өтті. Өмірлік қиын жағдайдағы, зорлық-зомбылыққа бейім отбасындағы оқушылардың, суицидалды мінез-құлықты балалардың қазіргі жағдайын, отбасылық ахуалын байқау, тәрбиелік және психологиялық ықпал жасау мақсатында өмірлік қиын жағдайда – 1 отбасы,психологиялық диагностика нәтижесінде тәуекел тобында-1оқушы,психологиялық мектепшілік есепте- 1 оқушы,Өгей отбасында-28 оқушы,қамқорлығынсыз қалған-4 оқушы бар екені айтылды.Профилактикалық,түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізіледі. Отбасымен қарым-қатынасты зерттеу, келеңсіз жағдайлардың алдын-алу және сала мамандарымен бірлесіп профилактикалық жұмыстар ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Әлеуметтік жағдайын зерттеу, сырттай бақылау және сынып жетекшісінің ұсынысымен 1 отбасы ***өмірлік қиын жағдайдағы отбасы есебіне мектепшілік бақылауға алынды.***

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша мектеп-лицей психологы Н.Айтбай сөз алды:
Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша 5-11 сынып оқушыларының психикалық денсаулығын анықтау мақсатында жүргізілген ***«Буллинг», «Саған қалай қарайды?» «Жалғыздықтың субьективті сезім деңгейін диагностикалау» әдістемелері қорытындысымен*** таныстырды.

Диагностикаға барлығы – 900 оқушы қатыстырылды, ата-ана қарсылық білдіруіне байланысты 125 оқушы қатыспаған. Сұхбатқа 15 оқушы шығып, нәтижесінде 2 оқушы психологиялық қолдау тобына есепке алынғанын атап, жалпы тәжірибелік

дәрігер мен психиатр дәрігер кеңесіне жүгінуге ата-анаға ұсыныс берілетіні айтылды.

Ата-анасының рұқсатымен арнайы дәрігер мамандар кеңесіне жіберілетіндігі ескертілді. Дегенмен, бұл оқушылармен тәрбие орынбасары, сынып жетекші, әлеуметтік педагог және психологпен бірлескен жоспар негізінде кейс ашып, жұмыс жүргізетіндігі ұсынылды:

Тәрбие орынбасары А.Алиев:

Бұл оқушылардың отбасына әлеуметтік педагог қажеттілігіне қарай әлеуметтік қолдау /тегін тамақ, киім-кешекпен қамту/ көрсетсе, тәрбие саласы мамандары тәрбиелік шараларға, сабаққа қатысуын қадағалау жұмыстарын, мектеп психологтары оқушыға және отбасына психологиялық қолдау көрсетіп, жеке кейс арналып, әлеуметтік картасы және мінездемесі әзірлеу қажеттілігі ескертілді.

Кейс негізінде диагностикалық әдістемелер жүргізіліп, топтық ағартушылық, түзету-дамытушылық жұмыстар жұмыстар жүргізіліп, тәрбие орынбасарлары үйлестіру жұмыстарын жасайтындығын айтты.

Жоғарыдағы жағдайларды тыңдай келе, психологиялық қызмет төрағасы мен мүшелері төмендегідей

қаулы етті:

1.Жоғарыда аталған 1 отбасын өмірлік қиын жағдайдағы отбасы есебіне, мектепшілік қолайсыз отбасы есебіне -4 отбасыны алып, кейс ашу, бірлесе жұмыс жасауды;
2.Психологиялық қолдау тобына 2 оқушыны есепке алып, кейс ашып, түзету-дамыту, профилактикалық, отбасымен жұмысты ұйымдастыру, өмір қауіпсіздігін қатан бақылауды;
5.Аталған мәселе бойынша қалалық білім бөліміне мәлімдеме беруді, атқарылған жұмыстарды қатаң қадағалауды өзіме қалдырамын.

№5 мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев

Хатшы: А.Нұртанова

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі бойынша
Психологиялық қызмет отырысының хаттамасы №3

Қызылорда қаласы 11.02.2026ж.

Қатысқандар: Психологиялық қызметінің төрағасы,
мектеп-лицей директоры: Б.Ж.Дуйсенбаев

Мүшелері:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.Аблаев
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Айдарбекова
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева
Педагог-психолог: Н.Айтбай
Педагог-дефектолог: А.Ерназаров
Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова

Күн тәртібінде:
1.Скрининг нәтижесінде анықталған оқушылар мәселесін талдау, қорытынды шығару
2. Психологиялық қолдау,бақылау тобына есепке алу,кейс ашу,бірлескен жоспар негізінде жұмыс жасау.
3.Ағымдағы қосымша мәселелер бойынша талқылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Б.Дуйсенбаев сөз алды:

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын негізге ала отырып, психологиялық топ құрамын бекітуге және топ мүшелерінің қызметтік міндеттемелерін таныстырды.Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлар жасау мақсатында психологиялық қызметі - білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауатталығын сақтау және нығайту тапсырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиев түсінік берді. Жалпы психологиялық қызмет мақсаты:
Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюінің алдын-алу, аутодеструктивті, девиантты мінез-құлықтың алдын-алу;

сихологиялық қызметінің міндеттері:
- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
Психологиялық проблемаларды шешуде оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге кеңес беру;
Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемалық шешу психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
Проблемалық шешу психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін көтеру;
Білім беру үдерісі субъектілердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көрсету екендігін ашып түсінік берді.

3.Ағымдағы мәселе бойынша мектеп-лицей педагог-психологы Айтбай Назерке сөз алды. Осы ПҚ отырысын пайдалана отырып сауалнама нәтижелеріне қарай,тәуекел тобына алынған 1 оқушы бар екені айтылды. Сонымен қатар,психологиялық қолдау тобына алынған 1 оқушы бар екені таныстырылды. Қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты ата-аналармен сұхбаттасып, балалардың толық отбасына зерттеу жүргізсе деген ұсыныс білдірді. Психологиялық қолдау тобына алынынған әр оқушыға кейс ашылып,жеке жұмыс жоспары құрылғанын және психокоррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап айтты.Және де арнайы мамандарға жолданып,алдағы уақытта да жеке бақылауға алынып,жұмыс жасалатынын айтылды.

Қаулы:
1.Мектептегі психологиялық қызметінің құжаттарын бекіту;
2.Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру мақсатында психологиялық қызмет тобы төмендегі құраммен бекітілсін.

Б.Дуйсенбаев - ПҚ алқа төрағасы, мектеп-лицей директоры;
Алқа мүшелері:
Б.Аблаев – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
А.Айдарбекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
А.Алиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
А.Менлибаева- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
А.Нуртанова – әлеуметтік педагог;
Н.Айтбай – педагог-психолог;
Н.Фазылова - мектеп медбикесі;
А.Нұртанова – әлеуметтік педагог, алқалы орган хатшысы;

3. Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата – аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық сауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталсын.

4. Ағымдағы мәселелер бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиевке жұмыс жасауға жүктелсін.

Қолайсыз отбасынан шыққан оқушымен кейс ашып, жұмыс жасау әлеуметтік педагог А.Нұртановаға тапсырылсын.

6. ПҚ жоспар құрып, жұмыс жасау оны үйлестіру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиевке жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры Б.Дуйсенбаев

Хатшы А.Нұртанова

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі бойынша
Психологиялық қызмет отырысының хаттамасы №4

Қызылорда қаласы **16.05.2026ж.**

Қатысқандар: Психологиялық қызметінің төрайымы,
мектеп-лицей директоры: Б.Дүйсенбаев
Мүшелері:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары : Б.Аблаев
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Айдарбекова
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева
Педагог-психолог: Н.Айтбай
Педагог-дефектолог: А.Ерназаров
Әлеуметтік педагог: А.Нұртанова

Күн тәртібінде:

1.Психологиялық қолдау,бақылау топтарындағы оқушылардың жазғы демалыстағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету,ата-аналарды ақпараттандыру
2. Анықталған күрделі мәселелер бойынша қалалық білім бөліміне,ішкі істер бөліміне,денсаулық сақтау ұйымына оқушы қауіпсіздігін сақтай отырып,салааралық байланыс орнатып,біллесе жұмыс жасауды ұсыну
3.Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша төрайымы мектеп-лицей директоры Б.Дүйсенбаев сөз алды.
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиев түсінік берді. Жалпы психологиялық қызметі мақсаты:

- ✓ Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық- зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюінің алдын-алу, аутодеструктивті, девиантты мінез-құлықтың алдын-алу;
- ✓ Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігі басты назарда екені айтылды,бірлесе отырып жұмыс жасау ұсынылды

Психологиялық қызметінің міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету. өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру,
- Білім алушыларға ақпараттың қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар кеңес беру;
- Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемалық шешу психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

ологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін
;

білім беру үдерісі субьектілердің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін рсету екендігін ашып түсінік берді. Мектептегі тәуекел топтағы, мектепішілік есепке лынған, өмірдің қиын жағдайында қалған, қолайсыз т.б отбасы балаларына бірігіп қолдау өрсетіп, тығырықтан алып шығу екенін басып айтты.

Қаулы:

.Мектептегі психологиялық қызметінің құжаттарын бекіту;
.Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, лгірімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін ұрақтандыру мақсатында психологиялық қызмет тобы төмендегі құраммен бекітілсін.
.Дүйсенбаев - ПҚ алқа орган төраға, мектеп-лицей директоры;

лқа мүшелері:

.Аблаев – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
.Айдарбекова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
.Алиев - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
.Менилибаева- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
.Нұртанова – әлеуметтік педагог;
І.Айтбай – педагог-психолог;
І.Фазылова - мектеп медбикесі;
.Нұртанова – әлеуметтік педагог, алқалы орган хатшысы;
. Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға әне диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында сихологиялық – педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, әрбиеленушілердің, педагогтердің, ата – аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің сихологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталсын.
. Ағымдағы мәселелер бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиева а жұмыс жасау жүктелсін.
. Қолайсыз отбасынан шыққан оқушымен кейс ашып, жұмыс жасау әлеуметтік педагог .Нұртановаға тапсырылсын.
. ПҚ жоспар құрып, жұмыс жасау оны үйлестіру директордың тәрбие ісі жөніндегі рынбасары А.Алиевке жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры **Б.Дүйсенбаев**

Хатшы: **А.Нұртанова**